

**«Сентрас Секьюритиз» АҚ сенімгерлік басқаруындағы  
«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерінің  
инвестициялық басқару бойынша ақпарат**

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша «Сентрас Секьюритиз» АҚ (бұдан әрі – Сентрас Секьюритиз) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) 5 264,88 млн теңгені құрап отыр.

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен құралған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде берілді.

**1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы**

Атауы	01.01.2026 жылға ағымдағы құны	01.01.2026 жылға үлесі	01.02.2026 жылға ағымдағы құны	01.02.2026 жылға үлесі	Жыл басынан бергі өсу/төмендеу
ҚР ҚМ МБҚ	516,62	11,64%	522,80	9,93%	1,20%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	1 135,75	25,59%	1137,92	21,61%	0,19%
ҚР ЕДБ облигациялары	614,69	13,85%	1002,36	19,04%	63,07%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	567,21	12,78%	749,57	14,24%	32,15%
ХҚҰ	-	-	-	-	-
ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	143,13	3,23%	226,05	4,29%	57,93%
Шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары)	143,68	3,24%	169,21	3,21%	17,77%
Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	113,54	2,56%	118,35	2,25%	4,24%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	-	-	243,30	4,62%	-
АҚШ мемлекеттік облигациялары	256,66	5,78%	506,36	9,62%	97,29%
Репо	930,84	20,97%	386,42	7,34%	-58,49%
<b>Басқа активтер, оның ішінде:</b>	12,90	0,29%	0,21	0,00%	-98,40%
<i>дебиторлық берешек</i>	<i>12,90</i>	<i>0,29%</i>	<i>0,21</i>	<i>0,00%</i>	<i>-98,40%</i>
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	2,97	0,07%	202,34	3,84%	6 712,91%
<b>ИПБ басқаруындағы ЗА жиынтығы</b>	<b>4 437,99</b>	<b>100,00%</b>	<b>5 264,88</b>	<b>100,00%</b>	<b>18,63%</b>
<b>Зейнетақы активтерінің жиынтығы</b>	<b>4 437,99</b>	<b>100,00%</b>	<b>5 264,88</b>	<b>100,00%</b>	<b>18,63%</b>

01.02.2026 жылғы жағдай бойынша теңгемен номиналданған борыштық қаржы құралдарының орташа алынған кірістілігі – жылына 16,96%. АҚШ долларымен номиналданған қаржы құралдарының орташа алынған кірістілігі – жылына 5,56%. Жинап келгенде борыштық қаржы құралдарының жалпы орташа алынған кірістілігі – жылына 13,89%.

**Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат және кері РЕПО операциялары**

Есепті кезең соңындағы инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат қалдығы – 202,34 млн теңге, бұл портфельдің жалпы құнының 3,84%-ы. РЕПО операциялары бойынша ақшалай қаражат қалдығы – 386,42 млн теңге немесе портфель құрылымының 7,34%-ы. Есепті

кезеңдегі кері РЕПО операциялары бойынша орташа өлшенген кірістілік – жылына теңгемен 18,50%.

#### **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны – 522,80 млн теңге, бұл портфельдің жалпы құнының 9,93%-ына тең. Есепті күндегі теңгемен номиналданған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік – жылына 15,98%. Есепті ай ішінде портфель құрамынан 2,93 млн теңге сомасына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің купондық МЕУКАМы сатылды.

#### **Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары**

Есепті күндегі АҚШ долларымен номиналданған бағалы қағаздардың орташа алынған кірістілігі – жылына 4,84%, ал теңгемен номиналданған бағалы қағаздар бойынша кірістілік – жылына 17,06%. Есепті айдың соңында Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 1 137,92 млн теңге болды, бұл портфельдің жалпы құнының 21,61%-ына сәйкес. Есепті ай ішінде портфель құрамына 69,87 млн теңге сомасына «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ купондық облигациялары сатып алынды, сондай-ақ портфель құрамынан 78,93 млн теңге сомасына «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» АҚ облигациялары сатылды.

#### **ҚР ЕДБ облигациялары**

Есепті күндегі теңгемен номиналданған бағалы қағаздардың орташа өлшенген кірістілігі – жылына 17,66%. Облигациялардың ағымдағы құны есепті айдың соңында 1 002,36 млн теңге, ал портфельдегі үлесі 19,04% болды. Есепті ай ішінде портфель құрамына 256,77 млн теңге сомасына «КМФ Банк» АҚ купондық облигациялары және 226,28 млн теңге сомасына «Home Credit Bank» АҚ («Forte Bank» АҚ ЕБ) купондық облигациялары сатып алынды, сондай-ақ портфель құрамынан 107,77 млн теңге сомасына ForteBank JSC облигациялары сатылды.

#### **ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары**

Есепті күндегі теңгемен номиналданған ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілігі – жылына 16,54%, сондай-ақ АҚШ долларымен номиналданған бағалы қағаздардың кірістілігі – 5,44%. Бұл облигациялардың ағымдағы құны есепті айдың соңында 749,57 млн теңге болды, бұл портфельдің жалпы құнының 14,24%-ына сәйкес. Есепті ай ішінде портфель құрамына 174,17 млн теңге сомасына VI Development Ltd облигациялары сатып алынды.

#### **Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары**

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны есепті ай соңында 226,05 млн теңге болды, бұл портфельдің жалпы құнының 4,29%-ына сәйкес. Есепті ай ішінде портфель құрамына 26,81 млн теңге сомасына «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ акциялары, 28,16 млн теңге сомасына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акциялары және 25,63 млн теңге сомасына Kaspi.KZ JSC GDR (жаһандық депозитарлық қолхаттар) сатып алынды.

#### **Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары**

Есепті күнде АҚШ долларымен номиналданған шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары бойынша өтелуі тиіс орташа алынған кірістілік – 5,66%. Бұл облигациялардың нақты құны есепті айдың соңында 243,30 млн теңге болды, бұл портфельдің жалпы құнының 4,62%-ына сәйкес. Есепті ай ішінде портфель құрамына 100,75 млн теңге сомасына FORTESCUE TREASURY PTY L облигациялары және 145,59 млн теңге сомасына Meta Platforms, Inc. облигациялары сатып алынды.

### АҚШ мемлекеттік облигациялары

Есепті айдың соңындағы АҚШ мемлекеттік облигацияларының ағымдағы құны – 506,36 млн теңге, портфельдегі үлесі – 9,62%. Есепті күндегі АҚШ мемлекеттік облигациялары бойынша өтелуді тиіс орташа өлшенген кірістілік – АҚШ долларымен жылына 6,16%. Есепті ай ішінде портфельге 733,73 млн теңге сомасына United States Treasury Bill облигациялары сатып алынды, сондай-ақ 354,57 млн теңге сомасында облигациялар сатылды. Сондай-ақ, 126,43 млн теңге сомасында United States Treasury Bill облигациялары өтелді.

### Exchange Traded Funds пайлары (ETF)

Exchange Traded Funds пайларының (ETF) ағымдағы құны есепті ай соңында 169,21 млн теңге болды. Портфельдегі ETF үлесі – 3,21%. Есепті ай ішінде портфель құрамына 43,12 млн теңге сомасына SPDR PORTFOLIO S&P 500 ETF, 42,90 млн теңге сомасына ISHARES 10+ YEAR INV GR CORP сатып алынды. Портфель құрамынан 51,70 млн теңге сомасына ISHARES 10+ YEAR INV GR CORP және 10,99 млн теңге сомасына iShares 5-10 Year Investment Grade Corporate Bond ETF сатылды.

### Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары

Есепті айдың соңында шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 118,35 млн теңге болды, ал портфельдегі үлесі – 2,25%.

### Валюталық құрылым

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде берілді.

2-кесте. Валюталар бөлігінде Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Валюта	<i>млн теңге</i>				
	01.01.2026 жылғы ағымдағы құны	01.01.2026 жылғы үлесі	01.02.2026 жылғы ағымдағы құны	01.02.2026 жылғы үлесі	Жыл басынан бергі өсу/төмендеу
Ұлттық валюта	3 179,24	71,64%	3 596,38	68,31%	13,12%
АҚШ доллары	1 258,75	28,36%	1 668,50	31,69%	32,55%
<b>Жиыны:</b>	<b>4 437,99</b>	<b>100%</b>	<b>5 264,88</b>	<b>100%</b>	<b>18,63%</b>

### Инвестициялық қызмет нәтижесі

Инвестициялық қызметтің және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2026 жыл басынан бергі есептелген инвестициялық табыс мөлшері 47,20 млн теңге болды. 2026 жыл басынан бергі зейнетақы активтерінің кірістілігі – 1,04%, 2025 жылғы ақпаннан бастап 2026 жылғы қаңтар аралығында соңғы 12 айда 16,72%-ды құрады.

Көрсетілген кезеңдегі есептелген инвестициялық табыс құрылымы 3-кестеде берілді.

3-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алған инвестициялық табыс құрылымы

Атауы	<i>млн теңге</i>
Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыс	49,28
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	11,17
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	-12,58
Басқа активтерді қайта бағалаудан түскен табыс (шығын) (БҚК)	0,00
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс (шығын)	0,00
Басқа табыс (шығын)	-0,47

<b>Жиыны:</b>	<b>47,20</b>
---------------	--------------

**Шартты бірлік құны туралы ақпарат**

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА шартты бірлігі құнының динамикасы 4-кестеде берілді.

4-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы бір шартты бірлік құны

№	Күні	Шартты бірлік құны
1	01.01.2026	1 544,5769106
2	02.01.2026	1 544,5769106
3	03.01.2026	1 544,5769106
4	04.01.2026	1 544,5769106
5	05.01.2026	1 553,0017114
6	06.01.2026	1 553,0017114
7	07.01.2026	1 553,0017114
8	08.01.2026	1 553,0017114
9	09.01.2026	1 553,0017114
10	10.01.2026	1 553,0017114
11	11.01.2026	1 553,0017114
12	12.01.2026	1 558,7433377
13	13.01.2026	1 558,7433377
14	14.01.2026	1 558,7433377
15	15.01.2026	1 558,7433377
16	16.01.2026	1 558,7433377
17	17.01.2026	1 558,7433377
18	18.01.2026	1 558,7433377
19	19.01.2026	1 563,1769559
20	20.01.2026	1 563,1769559
21	21.01.2026	1 563,1769559
22	22.01.2026	1 563,1769559
23	23.01.2026	1 563,1769559
24	24.01.2026	1 563,1769559
25	25.01.2026	1 563,1769559
26	26.01.2026	1 559,6436377
27	27.01.2026	1 559,6436377
28	28.01.2026	1 559,6436377
29	29.01.2026	1 559,6436377
30	30.01.2026	1 559,6436377
31	31.01.2026	1 560,6831157

**Инвестициялық декларация өлшемдерін сақтау туралы ақпарат**

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық бөлу Инвестициялық декларация талаптарына сәйкес. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және Инвестициялық декларацияның талаптарын бұзбайды. 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау шектерін сақтау туралы мәлімет 5-кестеде берілді.

## 5-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау шектері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні, млн теңгемен	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайызбен), %	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Ұлттық валютадағы ақшалай қаражат – теңге (KZT)	2,46	0,05%	иә
2	Қаулыға сай басқа елдердің шетелдік валютасы	199,88	3,80%	иә
3	ҚР Қаржы министрлігі және ҚР Ұлттық Банкі шығарған ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шетелдік мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ ҚР Үкіметінің кепілімен және (немесе) кепілдігімен шығарылған БҚ	522,80	9,93%	иә
4	ҚР жергілікті атқару органдары шығарған борыштық БҚ	0,00%	0,00%	иә
5	Акцияларының жүз пайызы ҚР Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық БҚ	0,00%	0,00%	иә
6	ҚР және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес «Қазақстан Даму банкі», «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры», «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі», «Проблемалы кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған борыштық БҚ	172,71	3,28%	иә
7	Қаулыға сай ҚР екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	0,00%	0,00%	иә
8	Қаулыға сай бейрезидент банктердегі салымдар	0,00%	0,00%	иә
9	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB+» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар төмендегі халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар: Азиялық даму банкі (the Asian Development Bank); Америкаралық даму банкі (the Inter-American Development Bank); Африкалық даму банкі (the African Development Bank); Еуразиялық даму банкі (Eurasian Development Bank); Еуропалық қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank); Еуропалық Кеңестің Даму банкі (the Council of Europe Development Bank); Ислам жеке секторды дамыту корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank); Көпқырлы инвестициялар кепілі агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); Скандинав инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank); Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund); Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association); Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).	0,00%	0,00%	иә

10	Қаулыға сай шетелдік мемлекеттердің үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар БҚ	506,36	9,62%	иә
11	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес БҚ: *Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары; *негізгі қор индекстері құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; * Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар борыштық БҚ	118,35	2,25%	иә
12	Қаулыға сай ҚР және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ҚР ұйымдары шығарған мемлекеттік емес БҚ	3 329,81	63,25%	иә
13	Қаулыға сай Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс), Exchange, Traded Commodities (Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэйдэд Ноутс) пайлары	169,21	3,21%	иә
14	Қаулыға сай қор биржасының ресми тізіміне қосылған ҚР заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға басқарушы компаниясы болып табылатын интервал пайлық инвестициялық қорлардың пайлары	0,00%	0,00%	иә
15	Қаулыға сай аффинирленген асыл металдар	0,00%	0,00%	иә
16	Қаулыға сай хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары	0,00%	0,00%	иә
17	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сай шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, қор биржасының ресми тізімінің «Негізгі» не «Альтернатив» алаңының «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізілген және сомасы осы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын жабатын «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының және (немесе) «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының кепілдігі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	0,00%	0,00%	иә
18	MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) индексінің талаптарына сәйкес келетін және MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) индексіне кіретін акциялар	0,00%	0,00%	иә
19	Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексінің талаптарына сәйкес келетін және Moody's, S&P және Fitch рейтингілік шәкілінің Ваа3/BBB-/BBB- деңгейінен төмен емес рейтингі бар Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексіне кіретін борыштық бағалы қағаздар	243,30	4,62%	иә
20	Активтерінің құрылымы MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) немесе Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексінің құрамдас бөліктерінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлары бойынша баға белгілеу осы индекстердің құрамдас бөліктеріне байланысты Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайлары	0,00%	0,00%	иә



**«Сентрас Секьюритиз» сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарын сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат**

**6-кесте. Есепті айдағы қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле құны
купондық облигациялар	KZT	«Home Credit Bank» АҚ («Forte Bank» АҚ ЕБ)	226 281 150,67
купондық облигациялар	KZT	«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ	69 874 303,33
облигациялар	USD	United States Treasury Bill	733 733 011,03
облигациялар	USD	Meta Platforms, Inc.	145 592 246,25
акциялар	KZT	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ	26 810 623,00
акциялар	KZT	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	28 155 882,93
ETF	USD	SPDR PORTFOLIO S&P 500 ETF	43 117 718,66
ETF	USD	ISHARES RUSSELL 2000 ETF	42 897 236,00
облигациялар	KZT	BI Development Ltd.	174 174 916,67
облигациялар	USD	FORTESCUE TREASURY PTY L	100 746 195,95
облигациялар	KZT	«КМФ Банк» АҚ	256 770 166,67
GDR	USD	Kaspi.KZ JSC	25 625 925,60
<b>Жиыны</b>		-	<b>1 873 779 376,76</b>

**7-кесте. Есепті айдағы қаржы құралдарын сату бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
облигациялар	USD	United States Treasury Bill	354 565 143,74
ETF	USD	ISHARES 10+ YEAR INV GR CORP	51 696 683,66
ETF	USD	iShares 5-10 Year Investment Grade Corporate Bond ETF	10 990 689,17
облигациялар	USD	Fortebank JSC	107 772 067,90
облигациялар	USD	«QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» АҚ	78 926 847,47
купондық МЕУКАМ	KZT	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	2 929,23
<b>Жиыны</b>		-	<b>603 954 361,17</b>

**8-кесте. Есепті айдағы бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
облигациялар	USD	United States Treasury Bill	126 427 500,00
<b>Жиыны</b>		-	<b>126 427 500,00</b>

**9-кесте. Есепті айдағы шетелдік банктердегі салымдарға орналастыру бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Теңгемен мәміле сомасы
Есепті айда шетелдік банктердегі салымдарға орналастыру болған жоқ			
<b>Жиыны</b>			-

**10-кесте. Есепті айдағы салымдар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет**

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Теңгемен мәміле сомасы
Есепті айда салымдар бойынша негізгі борышты өтеу болған жоқ			
<b>Жиыны</b>			-